

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 ақпандағы N 137 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 3 қарашадағы N 1000 Қаулысы

"Оралмандардың 2008 жылға арналған көшіп келу квотасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 30 желтоқсандағы N 506 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Оралмандардың 2008 жылға арналған көшіп келу квотасын бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 ақпандағы N 137 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2008 ж., N 7, 77-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулыға қосымшада:
"Отбасы саны" деген 2-бағанда:

"Алматы" деген жолдағы "1450" деген сандар "1647" деген сандармен ауыстырылсын;

"Шығыс Қазақстан" деген жолдағы "1100" деген сандар "1300" деген сандармен ауыстырылсын;

"Жамбыл" деген жолдағы "1300" деген сандар "1498" деген сандармен ауыстырылсын;

"Батыс Қазақстан" деген жолдағы "485" деген сандар "300" деген сандармен ауыстырылсын;

"Қызылорда" деген жолдағы "400" деген сандар "300" деген сандармен ауыстырылсын;

"Маңғыстау" деген жолдағы "1740" деген сандар "2180" деген сандармен ауыстырылсын;

"Павлодар" деген жолдағы "600" деген сандар "300" деген сандармен ауыстырылсын;

"Оңтүстік Қазақстан" деген жолдағы "3162" деген сандар "2712" деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*